

В ПОРТУ ЛЯНЬЮНЬГАН В СОВОКУПНОСТИ С КАЗАХСТАНСКО-КИТАЙСКИМ ЛОГИСТИЧЕСКИМ ТЕРМИНАЛОМ СФОРМИРОВАНА НЕОБХОДИМАЯ БАЗА ДЛЯ БЕСПРЕПЯТСТВЕННОГО ТРАНЗИТА ГРУЗОВ. ДЛЯ СОЗДАНИЯ БЛАГОПРИЯТНЫХ ИНФРАСТРУКТУРНЫХ УСЛОВИЙ ПЛАНИРУЕТСЯ СТРОИТЕЛЬСТВО ТОРГОВОГО ХАБА В УРУМЧИ И АЛМАТЫ. КРОМЕ ТОГО, БУДЕТ ОТКРЫТ ТРЕТИЙ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫЙ ПЕРЕХОД МЕЖДУ КАЗАХСТАНОМ И КИТАЕМ В РАЙОНЕ АВТОМОБИЛЬНОГО ПУНКТА ПРОПУСКА БАХТЫ (РК) – ЧУГУЧАК (КНР).

Серик ЖУМАНГАРИН,
заместитель Премьер-министра – министр торговли и интеграции РК



№25 (2842)
31/03/2023

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

КӨКТЕМГІ БАЙҚАУҒА ДАЙЫНДЫҚ

Қыстың қарлы бораны мен аязды күндері артта қалды. Алда жаз маусымына дайындық, көктемгі комиссиялық байқау өткізу науқаны тұр. Бүгінде ҚТЖ мен оған қарасты барлық филиалдар, еншілес кәсіпорындар мен шаруашылықтар үстіміздегі жылдың 10 сәуірінде басталатын көктемгі байқауға қызу дайындық үстінде.

Сұлугүл БАКЕСОВА,
Астана

Магистральдық желі дирекциясының Техникалық саясат департаментінің директоры Әнуар Алтаевтың айтуынша, көктемгі және күзгі байқаулар 2020 жылдың 30 наурызында №193-ЦЗ бекіткен және Компания басшылығының тапсырмасына сәйкес «ҚТЖ» ҰК» АҚ бөлімшелері мен оның еншілес ұйымдарының дайындығын ұйымдастыру стандарты аясында 2023 жылдың 20 наурызы мен 5 мамыры аралығында магистральдық теміржол



желілері нысандарын көктемгі байқаудан өткізу қарастырылған. Ресми түрде 10 сәуірде бастау алатын көктемгі байқау 31 мамырға дейін жалғаспақ. Оның себебі ел өңірлеріндегі климаттық жағдай мен ауа-райына байланысты болып отыр. Десе де, көктем ерте шыққан өңірлер бүгінде көктемгі байқауды бастап та кеткен.

– Қазіргі таңда магистральдық желі бөлімшелері тарапынан бұйрықтар шығарылып, шаруашылықтарды комиссиялық тексеру кестелері бекітілген. Көктемгі тексеріс барысында шаруашылықтардың жазғы тасымалға дайын-

дығына, ғимараттар, инфрақұрылым, құрылғылар, сондай-ақ алдағы 2023-2024 жылдардың жылу маусымына қазандықтар, жылу трассаларының жай-күйіне ерекше назар бөлінеді. Ақаулықтар анықталса, оны жаз бойы жөндеу, жою, қалыпқа келтіру жұмыстары жүргізіледі. Жалпы, көктемгі тексеру барысында анықталған ескертулер шаруашылықтар мен кадрларды қысқы жұмысқа дайындау бойынша іс-шаралар жоспарын жасау кезінде ескерілетін болады, – деді департамент басшысы.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

ҰЙЫМДАСТЫРУ ШАРАЛАРЫ СӨЗ БОЛДЫ



«ҚТЖ» ҰК» АҚ биыл мамыр айында елордада өтетін XI Қазақстан машина жасаушылар форумына қатысуға дайындық жүргізуде. ZOOM конференциясы арқылы өткен жиында форумның теміржол машиналарын жасау секциясын ұйымдастыру тетіктері сөз болды.

Аталған жиынды «ҚТЖ» ҰК» АҚ техникалық саясат және реттеу департаментінің директоры Талғат Қанатбаев жүргізді. Машина құрастыру форумына теміржол техникаларын жасайтын барлығы 40-тан астам кәсіпорын қатысатыны айтылды. Олардың ішінде «ALSTOM» компаниясы, «Локомотив құрастыру зауыты» АҚ, «Қамқор локомотив» ЖШС және тағы басқа да өндіріс орындары бар. Бірқатары ZOOM конференциясы арқылы отырысқа қатысып, өздерінің алдағы жоспар-жобаларымен бөлісті.

Отырыста сонымен қатар осы форумнан кейін ҚТЖ-да 12-13 мамырда теміржол өнімдері өндірісін локализациялау деңгейін арттыру мәселесіне арналған отырыс өтетіні мәлім болды. Ол жиында локомотив бөлшектері мен тораптарын локализациялау бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар жөнінде «ЛКЗ» АҚ президенті Марат Тілеубаев баяндама жасайтын болады. Сонымен қатар Шу локомотив жөндеу зауытында 2ТЭ25Км локомотивтерін шығаруды ұйымдастыру туралы «Қамқор локомотив» ЖШС бас директоры Алтай Жұматаев ақпарат береді. Қазақстанда «STADLER» жолаушылар вагоны өндірісін ұйымдастыру жайын «Жолаушылар вагондарын құрастыру зауыты» ЖШС коммерциялық директоры Сергей Леоньев айтып береді. Сондай-ақ көліктік машина құрастыру саласына кадрлар дайындау да басқосудың өзекті тақырыбына айналмақ.

Ұлан ОРАЗ



Айбек ӨТЕКОВ,
Маңғыстау аймақтық
логистика бөлімінің бастығы:

Сотрудничество

СТРАТЕГИЧЕСКИЙ МЕМОРАНДУМ

Между АО «KTZ Express» и компанией China Xinjiang Electronic Port Co., Ltd подписан Меморандум о сотрудничестве в рамках II Дружественного диалога приграничного сотрудничества Республики Казахстан и Синьцзян-Уйгурского автономного района КНР.

Асель ШАЙХЫНОВА,
Астана

Целью меморандума является пилотное эксплуатирование комплексной сервисной платформы China Xinjiang Electronic Port Co., Ltd и Xinjiang Digital Port по передаче данных для трансграничного железнодорожного

таможенного оформления и улучшения обслуживания участников перевозочного процесса в Казахстане и Китае.

Меморандум будет способствовать ускорению таможенного оформления документов и применению инновационных подходов в сфере транспортной логистики.

В целом на полях II Дружественного диалога приграничного сотрудничества Республики Казахстан и Синьцзян-Уйгурского автономного района КНР подписано 16 двусторонних документов. Из них шесть межрегиональных, пять меморандумов о взаимопонимании, пять коммерческих контрактов на сумму 565,4 миллиона долларов.

ЗАНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТҮСІНДІРІЛДІ

Соңғы жылдары елімізде сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейту бағытында бірқатар заңдық шаралар қабылдануда. Биыл 3 қаңтарда Мемлекет басшысы ҚР «Мемлекеттік қорғауға жататын тұлғалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға қол қойған болатын. Сол жаңа өзгерістерді түсіндіру мақсатында ҚТЖ-да кадр саласы, комплаенс және HR қызметі мамандарының қатысуымен арнайы жиын өтті.

Райхан РАХМЕТОВА,
Астана

Жиынға арнайы шақырылған ҚР Сыбайлас жемқорлықпен күрес агенттігінің Астана департаменті мен «Адал жол» жобалық кеңсесі мамандарының айтуынша, қабылданған түзетулер сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы одан әрі жетілдіруге, оның ішінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың жаңа құралдарын енгізу, құқықтық оққылықтарды жою арқылы бағытталған. Жаңа қабылданған заңның өзекті тұсы – шенеуніктердің негізсіз баю жауапкершілігін енгізу. Занда Қазақстанда енгізілген кірістер мен мүлікті жалпыға бірдей декларациялау шеңберінде салықтық әкімшілендірудің қолда бар құралдарын пайдалана отырып, шығыстардың кірістерден асып кетуіне жауапкершілік көзделген.

ҚТЖ комплаенс қызметі мамандары биыл 7 наурыздан бастап «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңына, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі бірқатар өзге де заңнамалық актілерге енгізілген өзгерістер мен толықтырулар күшіне енгенін хабарлады. Заңға енгізілген маңызды өзгерістердің бірі – 13-бабының редакциясын өзгерту болып табылады. Бұрын бұл бапта кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға тыйым салу тек мемлекеттік қызметшілерге ғана қатысты болды және квазимемлекеттік



сектор субъектілерінде қызметті жүзеге асыратын адамдарға әсер етпеді. Енді Зандағы өзгерістерге сәйкес 13-бап өзге де мемлекеттік функцияларды жүзеге асыратын тұлғаларға да қолданылады. – «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобының тең құқылы тұлғаларына көрсетілген заңнамалық жаңалықтармен танысып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың жаңа талаптардың тиісінше орындалуын қамтамасыз ету қажет. Комплаенс функциясы бойынша Қордың корпоративтік стандартының 51-тармағының 4-абзацына сәйкес барлық қызметкерлер ҚР қолданыстағы заңнамасының талаптарын сақтамағаны үшін дербес жауапты болады, – деді ҚТЖ комплаенс бақылаушы Бекет Ақпан.

Заңның тағы бір нормасы сыбайлас жемқорлық туралы хабарлаған азаматтарды қорғауға бағытталған. Сыбайлас жемқорлықты әшкерелеуге атсалысқан

қызметкерлер туралы ақпараттың құпиялылығы қамтамасыз етілетін болады. Оларды тәртіптік комиссияның ұсынымынсыз жауапкершілікке тартуға, жұмыстан шығаруға немесе басқа лауазымға ауыстыруға болмайды, оның отырысына сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет өкілдері міндетті түрде шақырылуы тиіс. Жұмыс беруші жұмысқа қабылдау кезінде кандидаттың сыбайлас жемқорлыққа қатысы бар-жоғын Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің ақпараттық жүйелері немесе «Электрондық үкімет» веб-порталы арқылы сұратуына болады. Теміржолшылар сыбайлас жемқорлық фактілері туралы 8800 080 4747 және 8771 1918816 нөмірлері бойынша «Самұрық-Қазына» АҚ жедел желісінде хабарлай алады. Әр ақпарат құпиялылық пен анонимділік қағидаларын ескере отырып қаралады. Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

БОЛЬШАЯ ВОДА



Павлодарское отделение магистральной сети приступило к буровзрывным работам. В регионе ведутся противопаводковые мероприятия.



По информации отдела технического обслуживания и ремонта, на сегодня два противоразрывных поезда сформированы на станциях Екибастуз и Ерейментау. Это два крытых вагона, грузных инвентарем и материалами, четыре платформы с бугровым камнем, три платформы с рельсовыми пакетами и восемь платформ с некондиционными железобетонными шпалами. Третий железнодорожный транспорт ждет прибытия локомотива. Работы по очистке искусственных сооружений уже идут полным ходом: мосты, трубы, кюветы, нагорные канавы, водоотводы. К буровзрывным работам железнодорожники приступили после 15 марта. Такая кампания проводится в целях предотвращения затора воды. Как отметили в отделе технического обслуживания и ремонта, в этом году зима порадовала необычными осадками.

Кроме того, начальник ДЧС Павлодарской области Жасулан Джуматов сообщил, что с начала зимнего периода из населенных пунктов области вывезено более 900 тысяч кубических метров снега, в рамках подготовки к зимнему периоду очищены и закрыты 1 472 водопропускных сооружения: на железной дороге – 199, на автомобильных дорогах – 1 273. На случай осложнения паводковой обстановки заблаговременно подготовлены 43 пункта эвакуации населения.

Айдана ЕРТАЙ,
Павлодар
Фото автора

НАУРЫЗ АЙЫНДА ЖҮК АЙНАЛЫМЫ КӨРСЕТКІШІ ЖОСПАРДАН АСЫРА ОРЫНДАЛДЫ. АЛДА КОНТЕЙНЕРЛІК ТАСЫМАЛДЫҢ ҚАРҚЫН АЛУЫ КҮТІЛУДЕ. ЖУЫРДА БОЛАШАҚ СТАНЦИЯСЫ АРҚЫЛЫ ӨТЕТІН ТАҒЫ БІР ТАСЫМАЛҒА КЕЛІСІМШАРТ ЖАСАЛДЫ. БҮГІНДЕ ТҮРКІМЕН ТЕМІРЖОЛЫНА КҮНІНЕ 3 ПОЙЫЗ ТАПСЫРАМЫЗ. ОЛ 10 ПОЙЫЗҒА ДЕЙІН ЖЕТЕДІ ДЕГЕН БОЛЖАМ БАР

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

ПО ПРОГРАММЕ ОБНОВЛЕНИЯ ВАГОННОГО ПАРКА АО «ПАССАЖИРСКИЕ ПЕРЕВОЗКИ» ПРИОБРЕЛО

11

КУПЕЙНЫХ ВАГОНОВ

ЕЖЕГОДНО В РАМКАХ ДОЛГОСРОЧНОГО ДОГОВОРА МЕЖДУ АО «НК «ҚТЖ» И ТОО «АРБЗ» ПОСТАВЛЯЕТСЯ ПОРЯДКА

80 тыс. тонн

РЕЛЬСОВОЙ ПРОДУКЦИИ

НА СЕГОДНЯ ПРОЦЕНТ СРЕДНЕСУТОЧНОГО ОФОРМЛЕНИЯ И РАСКРЕДИТОВАНИЯ ЭЛЕКТРОННЫХ ПЕРЕВОЗОЧНЫХ ДОКУМЕНТОВ ПО БЕЗБУМАЖНОЙ ТЕХНОЛОГИИ ВО ВНУТРИ-РЕСПУБЛИКАНСКОМ СООБЩЕНИИ СОСТАВЛЯЕТ ПОРЯДКА

97%

АҒЫМДАҒЫ ЖҰМЫСТАР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Сабира БАЙЗАХОВА,
Шымкент



Кәсіподақ

«Қазақстандық салалық темір-жол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігінің Шымкент филиалында өткен Атқарушы комитет жиыны ағымдағы жұмыстарға арналды.

Жиналысқа филиалға қарасты 12 ұйым жетекшілері түгел қатысып, алғашқы тоқсанда атқарылған жұмыстарға шолу жасалып, алдағы жоспарлармен бөлісті.

Кәсіподақ ұйымының төрайымы Нағима Салықбаева жылдық жоспар бойынша талдау жасап, кәсіподақтарды белсенді жұмыс жүргізуге шақырды.

Спорт нұсқаушысы Е.Маньшина сөз алып, алдағы республикалық турнирге команда дайындау жайын пысықтап, Бурабайға жолдама алған наурыздағы турнир жеңімпаздарын атап өтті, сондай-ақ компания қызметкерлерін салауатты өмір салтын ұстауға шақыратын республикалық «Никотиннен – витаминге» акциясына бір кісідей қатысуға шақырды.

Арыс станциясының цехком төрағасы Шорахан Телғозы тарапынан теміржолшылар мерекесі қарсаңында Түркістан облысының теміржолшылары арасында спорт турнирін Арыста ұйымдастыру идеясы мақұлданды.

АПАТТЫҢ АЛДЫН АЛДЫ

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда



Қауіпсіздік

Қызылорда станциясындағы техникалық қызмет көрсету пунктінде вагон қараушысы Марат Пұханбаев жүк вагонның ақау тапты. Доңғалақ жұбы буксының М12 типті болты сынып, шашырап кеткен дер кезінде байқаған қырағы теміржолшы ықтимал апаттың алдын алды.

Кәсіби тұрғыдан сыралғы қызметтің қыр-сырын 17 жылдан бері жетік меңгерген Марат Бахтиярұлы ақаулы вагонды доңғалақ буксынан шыққан дыбысқа қосымша шуыл қоса шығып тұрғанынан анықтапты.

– Наурыз айының он бірінде ауысыммен жұмысқа түскен Марат вагондарға техникалық қызмет көрсетіп келе жатып №2680 пойыздың 51752145 нөмірлі вагон-цистернасының доңғалақ жұбынан қауіпті ақау тапты. Хабар бойынша оқиға орнына жеткен мамандар ақауға көз жеткізіп, вагон құрамнан ажыратылды. Әріптесімнің қырағылығы мен кәсібінде адалдығы арқасында тағы бір апаттың жолы кесілді дей аламыз, – деді Қызылорда станциясындағы техникалық қызмет көрсету пунктінде бастығы Рүстем Ұзақбаев.

Жалпы, Қазалы вагон пайдалану депосын талай жылдан бері басқарып келе жатқан құрметті теміржолшы Арғын Орымбаевтың жігіттері шегінен кәсібилігімен танылған десек, артық айтпаймыз. Осыған дейін де вагондардың бүйір рамасынан, доңғалақ буксынан талай ақауды осы депонның қырағы вагоншылары анықтап, талай қауіптің алдын алғанын жазып та жүрміз. Марат Бахтиярұлы – солардың бірі.

– Біздің кәсіби міндетіміз – қауіпсіздікті сақтау, ақаулы вагонды тауып құрамнан ажырату – кез-келген вагон қараушының күнделікті жұмысы, – дейді қарапайым теміржолшы жігіт.

Суретті түсірген автор



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАР АЯСЫНДА

Биылғы 13-18 наурыз аралығында Оңтүстік Африканың Йоханнесбург қаласында өткен халықаралық Көлік федерациясының (ITF) конференциясына «Қазкөліккәсіп» ҚБ төрағасы Оразғали Ахметбаев бастаған қазақстандық делегация да қатысып қайтты.

Меруерт ЕСЕНБЕКОВА,
Астана

Айтты өтейік, Халықаралық көлік Федерациясы (ITF) – бүкіл әлем бойынша 18 миллионнан астам көлік секторы қызметкерлерінің мүддесін білдіретін 147 елдегі 670 көлік кәсіподағын біріктіретін беделді халықаралық демократиялық жаһандық ұйым. «Қазкөліккәсіп» ҚБ 2014 жылы халықаралық Көлік федерациясына кірген. ITF – кәсіподақтардың ең ірі халықаралық бірлестіктерінің бірі болып табылады. Халықаралық еңбек ұйымында үлкен беделге ие, онда ITF көлік саласы қызметкерлерінің мүдделерін қорғайды. ITF мүшесі болу ынтымақтастық географиясын едәуір кеңейтуге және халықаралық кәсіподақ қозғалысы жинаған бай тәжірибені пайдалануға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ITF үлкен ақпараттық жұмыс жүргізеді, әлемнің басқа елдері мен аймақтарында көлік саласын дамыту мәселелері бойынша кәсіподақтарға ұсыныстар береді, көлік кәсіподақтары құрылымдарындағы демократиялық процестерді дамытуға бағытталған тренингтер өткізеді, кез-келген елде көлік кәсіподақтары ұйымдарының халықаралық ынтымақтастық жөніндегі өзара іс-қимылын ұйымдастырады, жұмыс берушілер немесе Үкімет алдында мүдделерін қорғайды.

Йоханнесбургте өткен конференцияға 90 елден 185 ұлттық кәсіподақтан 500-ге жуық делегат қатысты. Олар бес күн ішінде теміржол, автомобиль және қалалық көліктің алдында тұрған әртүрлі өзекті мәселелерді, соның ішінде қаржыландыру, көлік саласындағы қызметтерді қысқарту, жекешелендіру және көміртексіздендіру мәселесін, сондай-ақ өмірлік маңызды саланың болашағы туралы шешім қабылдау процесінде көлік қызметкерлерінің ұстанымын нығайту стратегияларын талқылады.

«Қазкөліккәсіп» ҚБ төрағасы, қазақстандық делегация бастығы Оразғали Ахметбаевтың айтуынша, мұндай ұйымға мүше болу және



маңызды іс-шараға қатысу – Қазақстанның көлік саласы қызметкерлерінің мүдделерін әлемдік аренада ілгерілетудің қуатты құралы болмақ.

– «Қазкөліккәсіп» ҚБ халықаралық Көлік федерациясына 2014 жылы кірді дедік. Содан бері біз олардың өкілдерімен Халықаралық еңбек ұйымы (МОТ) және Теміржолшылар кәсіподағының халықаралық конфедерациясы (МКПЖ) өткізетін түрлі алаңдар мен іс-шараларда кездестік, келіссөздер жүргіздік, тәжірибе алмастық. Айта кетейін, бұл ұйымның жұмысы, оның Жарғысы бүкіл әлемдегі, соның ішінде біздің еліміздегі кәсіподақ қозғалысының жұмысы негізделетін мақсаттар мен міндеттерге сәйкес келеді. Мәселен, адам құқықтарын сақтау үшін күрес, әлеуметтік әділеттілік пен экономикалық прогреске негізделген бейбітшілік үшін күрес, ұйымның құрамына кіретін кәсіподақтарға өз мүшелерінің мүдделерін қорғауға көмектесу т.т. Сонымен қатар, ITF зерттеулер жүргізеді және ақпараттық қызмет көрсетеді, қиын жағдайларда көмек көрсетеді. Конференция мен онда өткен сессиялардың тақырыбы аса ауқымды болды. Мәселен, автомобиль көлігі қызметкерлеріне арналған секцияның бірінші күні делегаттар алдында ITF Бас хатшысы Стивен Коттон, Оңтүстік Африка Көлік және сабақтас жұмысшылар одағының

(SATAWU) Президенті Нтусузело Мхллубу-вана, Оңтүстік Африка Металлургия және сабақтас салалар жұмысшыларының ұлттық одағының (Numsa) Президенті Андрио Чирва және басқалар сөз сөйледі, – деп әсерімен бөлісті қазақстандық делегация басшысы.

Айтуынша, қазақстандық көлік кәсіподақтары ITF-пен байланысты одан әрі нығайтып, ынтымақтастықты кеңейтуге, тәжірибе алмасу мен кәсіподақ активін оқыту шеңберінде бірлескен іс-шараларды ұйымдастыруға мүдделі.

– ITF құрамына кіретін басқа көлік кәсіподақтарының қызметі туралы ақпарат алмасу бойынша өзара іс-қимылды жақсартуды жоспарлап отырмыз. Кешегі конференцияда біздің делегация автомобиль және теміржол секторлары секциясының жұмысына қатысты. Әр бөлімнің өз күн тәртібі болды, бірақ олардың бәрін теміржол және автомобиль өнеркәсібі алдында тұрған қиындықтарға қарсы тұру мәселесі біріктірді. Маңызды салалардың болашағы туралы шешім қабылдауда көлік жұмысшыларының ықпалын нығайту стратегиясын әзірлеу қызу талқыланды. Қаралған әрбір мәселе бойынша ұсыныстар немесе қарарлар қабылданды, олар бұдан әрі атқару комитетінде және ITF Конгресінде қаралуы тиіс, – деп түйіндеді сөзін О.Ахметбаев.

БІЛІКТІЛІК АРТТЫРУ ДӘРІСТЕРІ



ТЕХСАБАҚ

Атырау вагон пайдалану депосының Ақжайық техникалық қызмет көрсету пунктінде операторлардың біліктілігін арттыру мақсатында ЖҚБ АЖ (АСК ПС) монитор таблосы бойынша сабақ өтті.

Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау

Ақжайық және Атырау белгі беру және байланыс дистанцияларының аға механиктері Жасұлан Жекшимов пен Аманқос Ізбасаров депо қызметкерлеріне стандартты емес жағдайда қалай әрекет ету керектігін табло арқылы түсіндіріп, жан-жақты көрсетті. Жалпы, ЖҚБ АЖ – жылжымалы құрамды бақылаудың автоматтандырылған жүйесінің таблосы Атырау вагон пайдалану депосы бойынша 15 бақылау пунктін қамтиды. Егер пойызда ақау кездессе, вагонның доңғалақ жұбының буксы қызса, тежегіш колодканы қысып қалса

немесе пойыз астынан детальдар сүйретіліп келе жатса, КТСМ-02 қондырғысы дабыл қағып, ақаулар белгісі АСК ПС таблосында көрінеді. Орталық операторы шұғыл түрде бақылау пунктінде вагон қараушысына хабарлайды.

КТСМ-02 қондырғысы бойынша дабыл-0 соқса, пойыз станцияға тоқтамай өтеді. Дабыл-1 соқса, пойыз жай жылдамдықпен келіп, станцияға тоқтап тексеріледі. Дабыл-2 соқса, пойыз перергонда тоқтатылады, локомотив бригадасы тексеріп, вагон қараушыны шақырады. Вагон қараушы вагондарды мұқият қарап тексеріп, қажет болса, жеңіл-желпі жөндеу жүргізіп, әрі қарай жүргізуге келіп беріледі. Ал егер ақау күрделі,



жөндеуге келмейтін болса, вагон пойыздан сол жерде ағытылады. Барлық ақпарат шұғыл түрде ВЧД және қауіпсіздік ревизорлар аппараты арқылы Астанаға беріледі. Ары қарай комиссия құрылып, тексеріліп, құжаттар толтырылып, вагонды жөндеуге қоюға шешім шығарылады. Міне, осы процедураны дистанция мамандары бүге-шігесіне дейін түсіндіріп, қауіпсіздікті сақтау үшін ең алдымен қандай шаралар алынуы керектігін, одан әрі қалай әрекет етуді сабақ барысында түсіндірді. Атырау вагон пайдалану де-

посының бастығы Әмірбек Бейсеев пен бас инженер Рашид Мұсабаевтың айтуынша, биылғы жылы вагон шаруашылығында қауіпсіздікті сақтауға, техникалық сабақтардың мазмұнды өтуіне, мамандардың біліктілігін арттыруға басымдық берілуде. Сол мақсатта локомотив депосы, байланыс дистанцияларымен қарым-қатынасты жақсартып, бірлескен техникалық сабақтар өткізіп, біліктілікті арттыру дәрістерін жиі жоспарлау көзделіп отыр.

Суретті түсірген автор

МОДУЛЬДІК КАБЕЛЬДЕР ЖАҢАРАДЫ



СЕРВИС

Бейнеу – Жезқазған темір жолының бойындағы Шалқар – Тассай телімінде электр желілерінің күйі мен күтімі сенімді қолда. Биыл бағдаршамдар мен жол бойындағы шамдарға ревизия жасалып, модульдік кабельдер ауыстырылады.

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе

Жалпы, еліміздің транзиттік әлеуетін еселеп арттырған Бейнеу-Жезқазған магистралі пайдалануға берілгеніне санаулы ғана жыл өтсе де жүк тасымалы жылдан-жылға артып, жол бойындағы ірілі-ұсақты станциялар дамып жатыр.

Шалқар электрмен жабдықтау

дистанциясына қарайтын Тассай учаскесі осы магистраль бойындағы 207 км байланыс желісін қамтиды. Олар Шалқар-Тассай аралығындағы алты разьезде бен үш станцияға электр энергиясын беріп отыр. Желіге сапалы техникалық қызмет көрсету талапқа сай жүруде. 10 мың киловольттық трансформатор мен кабельдік желілер жұмысы тұрақты бақыланады.

Жуырда Шалқар-Тассай аралығындағы электр қондырғылары сынақтан өтті.

«2022 жылы алты разьездегі электр желілеріне ағымдағы жөндеу жүргізілді. Станциялардағы 4000-6000 вольттық трансформаторларға ревизия жасалды. Әуе желісіндегі электр жүйелері тексеріліп, бағаналар бойындағы ақаулар қалыпқа келтірілді. Сонымен қатар жоспарлы алдын



алу шаралары үнемі атқарылады. Бұл жұмыстар барысында әрине еңбек қорғау ережелерін сақтауға ерекше көңіл бөлінеді», – дейді Тассай электрмен жабдықтау учаскесінің бастығы Кенжетай Есболсынов.

Заманауи үлгіде салынған Тассай учаскесіндегі барлық тіршілік көзі электр қуатымен байланысты. Пойыздар қозғалысын реттеп отырған кабельдік желілер мен бағдаршамдар, белгі беру және байланыс жүйесі, станциялардағы

диспетчерлер жұмысы – бәрі-бәрі электр көзімен тікелей байланысты. Одан бөлек елді мекендер мен кеңселер, жұмысшылар жатақханасындағы жылу мен суға дейін электр қуатымен жұмыс істейді. Сондықтан Тассай электрмен жабдықтау учаскесінің ұжымы жауапкершілік жүгін жақсы түсініп, қуат көзінің бір минут та үзілмеуін қадағалайды.

«Күн жылына бастады, таяу күндері модульдік кабельдерді ауыстыра бастаймыз. Жеті генератордың үздіксіз жұмыс жасауын қадағалайды. Ақау болса, генератор көмегіне жүгінеді. Бірақ қазіргі күнге дейін ондай жағдай болған жоқ», – дейді учаске басшысы.

Айтуынша, қарамағында 21 адам жұмыс істейді. Оның жетеуі аға электр механик, қалғаны электр механиктер. Бәрі де қауіп-қатері мол кәсіпті терең меңгерген мамандар.

Суретті түсірген автор

Интервью

АВТОМАТИЗАЦИЯ БИЗНЕС-ПРОЦЕССОВ ПРИНОСИТ РЕЗУЛЬТАТЫ

Сегодня развитие транспортно-транзитного потенциала Республики Казахстан невозможно представить без внедрения цифровизации. Заместитель председателя правления по стратегии и цифровизации АО «НК «КТЖ» Ануар Ахметжанов в интервью подробно рассказал о том, каким образом в компании применяются цифровые технологии для оптимизации бизнес-процессов грузовых перевозок на железнодорожном транспорте.

– Ануар Муратович, расскажите, пожалуйста, об автоматизации бизнес-процессов грузовых перевозок в КТЖ?

– В настоящее время АО «НК «КТЖ» активно использует цифровые технологии для автоматизации бизнес-процессов грузовых перевозок на железнодорожном транспорте с использованием безбумажной технологии оформления перевозочных документов. Сегодня всем грузоотправителям доступно электронное оформление перевозочных документов во внутривнутриреспубликанском сообщении. Клиенты могут онлайн заключать договоры на перевозку, подавать электронные заявки для планов, оформлять и раскредитовывать перевозки, оформлять заявки на переадресовку грузов и получать доступ к функционалу обмена электронными сообщениями.

Безбумажные технологии помогают минимизировать прямой контакт клиентов с работниками станции, что сокращает жалобы клиентов и устраняет человеческий фактор. Это в свою очередь уменьшает ошибки при оформлении, а сама процедура стала прозрачной.

– Какие преимущества получили клиенты благодаря внедрению этой системы?

– Они получили значительное улучшение качества сервиса благодаря упрощению бизнес-процессов. В системе зарегистрировано более 35 000 клиентов, которые могут оформить свою заявку онлайн и узнать предварительную информацию о стоимости своей перевозки до ее оформления.

– Какой процент среднесуточного оформления и раскредитования электронных перевозочных документов по безбумажной технологии во внутривнутриреспубликанском сообщении на сегодняшний день?

– Во внутривнутриреспубликанском сообщении он составляет порядка 97% от общего числа перевозочных документов. Исключения составляют перевозки опасных и особых грузов.

– Какие результаты были достигнуты благодаря внедрению информационных систем?

– Внедрение информационных систем привело к значительной оптимизации бизнес-процессов и улучшению качества обслуживания клиентов. За счет автоматизации процесса сокращены время согласования заявок для грузоотправителей в 15 раз (с 11 часов до пяти минут) и срок подачи заявок на переадресовку – с двух дней до одного часа. Кроме того, клиенты теперь могут получить перевозочные документы и информацию о статусе своей перевозки в режиме реального времени.

– Это повлияло на итоги и достижения компании в 2022 году?

– В 2022 году мы продолжили работу над модернизацией наших информационных систем и процессов, чтобы обеспечить высокое качество наших услуг и удовлетворить потребности клиентов. Как я уже сказал, важнейшим достижением стало обеспечение бесперебойной работы производственных систем с коэффициентом



готовности 99,9%, при прежнем показателе 97%. Это говорит о том, что мы теперь имеем более стабильную, надежную и безопасную систему.

Наличие договоров с разработчиками автоматизированных систем на техническую поддержку позволяет нам обеспечить быстрое реагирование на любые технические проблемы и оперативное их решение. Реализован автоматический обмен справочниками грузоотправителей/грузополучателей в формате PARTIN с ОАО «РЖД», что упростило процесс работы с нашими клиентами и повысит качество наших услуг.

Успешно запущен обмен сообщениями IFTMIN, IFCSUM с китайской железнодорожной администрацией в промышленном режиме. Также реализовали передачу сообщений IFTMIN в Узбекистан в промышленном режиме, что позволяет ускорить и упростить процесс взаимодействия между нашими системами и улучшить качество наших услуг.

– Расскажите о взаимодействии КТЖ и транснациональной логистической компании PSA International Pte Ltd.

– Привлечение на казахстанский рынок транснациональной логистической компании PSA осуществляется в целях развития транспортно-транзитного потенциала страны по поручению Президента Касым-Жомарта Токаева. Основная задача КТЖ заключается в монетизации транзитного потенциала Казахстана путем привлечения дополнительных клиентов и грузов. Решению этой задачи должно содействовать развитие цифрового транспортного коридора и расширение сотрудничества с международными логистическими компаниями.

Развитие цифрового коридора означает создание эффективной системы привлечения новых грузов, повышение узнаваемости и доступности казахстанских транспортных коридоров для международных клиентов, интеграцию нашей страны в глобальные логистические цепочки. Это касается не только транзитных потоков, но и будет содействовать повышению экспортных возможностей казахстанских компаний.

– Каким образом планируется организовать сотрудничество?

– Мы планируем создать совместное предприятие для обеспечения услуг логистики и транспортировки грузов. PSA будет обеспечивать технологии и опыт, а КТЖ – инфраструктуру и логистическую

поддержку. Это позволит нам расширить географию доставки и повысить конкурентоспособность на международном рынке.

Это сотрудничество благотворно скажется на развитии ТМТМ (транспортно-логистический коридор, проходящий через Казахстан и Каспийское море и связывающий Китай и страны Юго-Восточной Азии с Европой). PSA имеет богатый опыт работы с подобными коридорами и может помочь нам в улучшении логистической инфраструктуры и оптимизации процессов доставки.

Отмечу, что это очень важное сотрудничество. PSA – одна из крупнейших логистических компаний в мире, и совместная работа с ними позволит нам привлечь новые технологии, опыт и знания для развития инфраструктуры. Мы уверены, что проект приведет к улучшению качества сервиса, снижению времени доставки и повышению конкурентоспособности Казахстана на мировом рынке логистики.

– Расскажите о планах компании на 2023 год?

– Одной из главных задач на 2023 год является продолжение работы по модернизации информационных систем КТЖ в соответствии с утвержденной стратегией компании. В частности, в текущем году запланировано создание Единого цифрового окна услуг, предоставляемых компанией и ее дочерними организациями, что поможет улучшить взаимодействие с клиентами и повысить эффективность деятельности.

Также приступаем к созданию национальной системы пассажирских перевозок. Сложный проект, направленный на цифровизацию всего комплекса производственных бизнес-процессов пассажирского железнодорожного транспорта. Данный проект рассчитан на два года. Кроме того, мы планируем реализовать оформление контейнерных отправок по безбумажной технологии во внутривнутриреспубликанском сообщении, что значительно ускорит процесс отправки грузов и повысит эффективность работы.

Будет завершена работа по оформлению опасных грузов всех классов, а также специальных перевозок по безбумажной технологии. Это позволит нам улучшить безопасность нашей работы и сделать ее более экологичной. Одним из наших приоритетов на 2023 год является переход процесса оформления актов общей формы ГУ-23 на безбумажную технологию, чтобы снизить расходы на бумажную документацию.

Продолжим работу по переходу на взаимный электронный обмен сообщениями IFTMIN, IFCSUM с сопредельными железнодорожными дорогами. Обеспечим бесперебойную работу производственных систем с коэффициентом готовности более 99,9%. Это очень важный шаг для компании, так как гарантирует надежную и эффективную работу производственных подразделений. Приглашаем ответственных IT-компаний к активному сотрудничеству с КТЖ по данным направлениям и проектам.

– Благодарю за интересную беседу!
Беседовала Алуа ТЛЕУБАЙ
Фото Александра ЖАБЧУКА



РАССТАВИТЬ ПРИОРИТЕТЫ

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы



ИТОГИ

В Алматинском эксплуатационном локомотивном депо подвели итоги работы. Год недавно начался, а уже значительно увеличилось число рапортов. С начала года в Книгу замечаний от алматинских локомотивщиков поступило 1 134 рапорта, против 852 аналогичного периода прошлого года.

Как отмечает начальник депо Айдын Сатыбалдин, локомотивными бригадами ТЧЭ-28 с начала текущего года применено 137 экстренных торможений, против 115 за аналогичный период прошлого года. В том числе по причине выхода людей на пути – 22 случая, против 26 в 2022 году, из них с наездом – один, из-за скота – 47, автотранспорта – два случая, как и в 2022 году. По данным расшифровки, допущено 11 случаев нарушений.

В депо проводится целенаправленная работа по предупреждению аварийных ситуаций. В ее основе – реализация комплекса организационных мер, предусматривающих повышение требовательности к работникам за выполнением обязанностей в сфере безопасности, а также их обучение, укрепление дисциплины и повышение уровня контроля. Проводится полный детальный анализ каждого случая нарушения безопасности движения поездов.

– Багаж знаний командного состава, правильно расставленные приоритеты обязательно скажутся в целом на работе. Ведь нет аварийности оправданной и неизбежной. Любая ошибка в деятельности машиниста может повлечь за собой самые тяжелые последствия, – считает Айдын Сатыбалдин.

Фото автора

РЕСУРС ДЛЯ РАЗВИТИЯ

Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай



БИБЛИОТЕКА

Работники технической библиотеки Центра научно-технической информации и анализа филиала АО «НК «КТЖ» – «Костанайское отделение магистральной сети» создают необходимые условия для профессионального развития железнодорожников региона.

Информационный фонд технической библиотеки представлен учебными, научными, нормативными, справочными и периодическими изданиями по всем направлениям деятельности железнодорожного транспорта. Библиотека располагает фондом – 26 208 экземпляров литературы.

– Изучение информационных потребностей специалистов в сфере производственной деятельности, в системе повышения квалификации и определение путей их удовлетворения – традиционное направление нашей деятельности, – говорит главный библиотекарь технической библиотеки Центра научно-технической информации и анализа филиала АО «НК «КТЖ» – «Костанайское отделение магистральной сети» Мендыгуль Дюсекеева.

Техническим центром АО «НК «КТЖ» для повышения уровня удовлетворенности информацией расширен спектр информационных услуг, например, за счет перехода на электронную доставку документов, массовой оцифровки библиотечных фондов, в частности, научно-технических и производственных журналов, доставляемых сотрудникам посредством электронной кольцевой почты, организации виртуальных выставок. На основании проведенного в регионе анкетирования среди сотрудников создано 10 групп по профессиональным признакам и тематикам запросов: «Путь и путевое хозяйство», «Инженер по охране труда», «Вагонное хозяйство», «Локомотивное хозяйство», «Автоматика и связь», «Электрические сети» и другие.

В технической библиотеке для сотрудников предоставляется возможность оперативного поиска информации в автоматизированной системе управления научно-технической информацией (АСУ НТИ) и автоматизированной библиотечно-информационной системе «ИРБИС64».

– Библиотека – это ресурс, включающий в себя электронные версии книг, периодических изданий, статей по актуальным вопросам железнодорожной отрасли, тематические подборки, аналитические обзоры, электронные учебники и книги и так далее, – говорит Мендыгуль Дюсекеева.

ЛУЧШИЙ ПРОЕКТ В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ



КОНКУРС

Казахстанская IT-платформа АСУ ДКР завоевала престижную награду в номинации «Прорыв года в Центральной Азии» в рамках конкурса Central Asian Tech Awards 2023.

Айлин БАУРЖАН,
Астана

Для участия в конкурсе Central Asian Tech Awards 2023, который проходил в рамках Центрально-Азиатского технологического форума, поступило 114 заявок, в том числе 39 из Казахстана. Отечественные стартапы, победившие в конкурсе, являются участниками Astana Hub.

В номинации «Прорыв года в Центральной Азии» лучшим стал проект казахстанской IT-компании Networks Energy LLP, предназначенный для оформления железнодорожных перевозок и автоматизации бизнес-процессов железнодорожной отрасли. Благодаря внедрению продукта более 40 000 грузоотправителей и грузополучателей работают в АСУ ДКР и более 95% всех железнодорожных перевозок оформляется онлайн.

Кроме того, обеспечен полноценный

информационный обмен между АО «НК «КТЖ» и соседними железнодорожными администрациями. Также была проведена работа по интеграции с информационными системами Министерства финансов РК и Министерства сельского хозяйства РК.

Теперь Республика Казахстан является одной из немногих стран, которая обладает уникальным продуктом, позволяющим автоматизировать процессы железнодорожных перевозок без привязки к лицензиям и решениям технологических гигантов IBM или SAP, что исключает технологическое отставание от других стран.

– Для нас огромная честь получить признание со стороны всех IT-технопарков Центрально-Азиатского региона. Получение данной награды подчеркивает важность продолжения усилий Networks Energy в направлении цифровизации железнодорожной отрасли Республики Казахстан и



распространения продукта на весь регион Центральной Азии и колее 1520 для трансформации Казахстана в региональный транспортный и цифровой хаб, – заявил CEO Networks Energy Бахыт Ержанов.

К слову, Центрально-Азиатский технологический форум, в рамках которого проходил Central Asian Tech Awards 2023, состоялся в Кыргызстане и объединил на своей площадке более 50 IT-компаний и 600 участников из Центральной Азии, Японии, Германии, Южной Кореи и США.

Фото автора

АРНАЙЫ ГРАНТ ТАБЫСТАЛДЫ



Жуырда Семей қаласында «Самұрық-Қазына» АҚ әлеуметтік жобасына қатысушылар өз ісін ашу үшін жабдықтар жиынтығы түрінде грант алды. Олардың әрқайсысы 150 АЕК сомасы көлемінде.



Грант иелері «SMM», «Кондитерлік іс», «Сұлулық индустриясы», «Тігіншілік», «Автоэлектрик» сынды сұранысқа ие бес бейіндік бағыт бойынша бір ай оқуды тәмамдады. Жоба тәлімгерлері оларға шағын бизнес жүргізуге және дамытуға қажет кеңестер беріп, тренингтер мен сабақтар өткізген. Жобаға негізінен аз қамтылған және көпбалалы отбасылар, жастар, ерекше қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеп отырғандар және жанғызбасты ата-аналар қатысқан. Оларға ноутбуктер, тігін машиналары, миксерлер, электр пештері және басқа да жабдықтар жиынтығы табысталды. Салтанатты шараға Семей ЖТ бөлімшесінің басшысы Владимир Бабиченко мен оның экономика және қаржы бойынша орынбасары Жанар Құрманғалиева арнайы қатысты.

Қор тарапынан қолдау тапқан пилоттық жобалар алдағы уақытта да жалғасын табады деп сенеміз. Әр отбасының әл-ауқаты, материалдық тұрақтылығы

артып, аймақтағы әлеуметтік ахуалдың жақсаратынына үмітіміз зор. Тұрғындар арасындағы жұмыссыздық азайып, жобаға қатысушылар өз кәсібін үйді отырып-ақ жүргізіп әкетсе дейміз, – дейді Жанар Амангелдіқызы.

Сонымен қатар жиын барысында аталмыш жобаның авторы Айжани Нұрланова да сөз алып, пікір білдірді. Жобаға қатысушылар арман-мақсаттарының орындалуына нақты мүмкіндік тудыруға қуанышты екендерін жасырмай, алғыстарын жеткізуде.

Жалпы «Самұрық-Қазына» АҚ компаниалар тобының бірыңғай қайырымдылық

операторы – «Samruk-Kazyna Trust» қорының қаржылай қолдауы арқылы «Табысты отбасы» әлеуметтік жобасын өткен жылдың 1 желтоқсанынан бастап іске асыруға шамамен 200 млн теңге бөлініп, екі кезеңде 300 қатысушыны қамтыған екен. Оның ішінде Абай облысынан қатысушылардың саны біршама мол. Айта кетер болсақ, өткен қаңтар айында 29 адам өз ісін ашу үшін жабдықтар түріндегі гранттар алған болатын. Ал осы жолы олардың қатары артып, 41 адамға жетіп отыр.

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей
Суретті түсірген автор

Спорт

МЫ ЛОВКИЕ, МЫ БЫСТРЫЕ

В Уральске прошли соревнования «Веселые старты», в которых приняли участие пять семейных команд работников предприятия Уральского филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Батыс» и Актобинского отделения магистральной сети по Уральскому региону.



– Развитие массового спорта и внедрение его в быт железнодорожников является одной из главных задач нашей работы. В прошедших «Веселых стартах» в состав каждой команды вошли папа, мама и ребенок в возрасте от 9 до 12 лет, хотя бы один из родителей должен работать в системе КТЖ, – пояснили инструктор-организатор ФСК «Локомотив» Бекзат Гилманов и спортивный инструктор по Уральскому региону Болат Карлибаев, которые вместе с ветераном спорта Александром Любимкиным и профсоюзной организацией Уральского узла выступили организаторами мероприятия.

Команду «Жұлдыз» от станции Таскала Уральского филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Батыс» (НОД ГП) представила семья дежурного по станции

Нурлыбека Турегалиева. В их группе поддержки были и трое младших детей. Их коллеги со станции Уральск (ДС) составитель поездов Талгат Сарсенов и оператор-информатор Алтынгуль назвали свою команду «Драйв». Команду Уральского эксплуатационного вагонного депо (ВЧД-3) «Белые» возглавил осмотровик-ремонтник вагонов Руслан Жумасейтов. Машинист грузового движения Уральского эксплуатационного локомотивного депо (ТЧЭ-1) Нияз Давлетов с супругой Жанной, сменным инженером сектора АСУ ЦДАЦ, уже опытные участники подобных соревнований и назвали свою команду «Кәусар». Семья монтера пути Дамира Кереева представляла команду Уральской дистанции пути (ПЧ-1) под названием «Тигр». Они тоже имеют большой опыт



участия в семейных состязаниях. Всего было 10 конкурсов: с волейбольным мячом, дощечками, хоккейными клюшками, теннисными мячами, гимнастическими обручами, мячиками и ракетками для пинг-понга, а также с обычными бельевыми прищепками! Спортсмены должны были проявить выносливость и быстроту, внимательность и ловкость, но главное – волю к победе и командный дух. И это получилось! Папы обеспечивали скорость, мамы командовали и показывали примеры ловкости, дети брали энтузиазмом. Судейской коллегии пришлось непросто, поскольку все участники показали хорошие результаты, однако распределение мест было однозначным. Победителем соревнований стала команда Давлетовых «Кәусар» (ТЧЭ-1), на втором месте – «Тигр» Кереевых (ПЧ-1), бронзовым призером стала «Жұлдыз» Турегалиевых (станция Таскала). Все призеры и участники награждены дипломами и ценными подарками от профсоюзной организации.

Анна МАРЬИНА, Уральск
Фото автора

ДЕБЮТ УДАЛСЯ!

На станции Караганда-Сортировочная прошли соревнования по национальному виду спорта казах күресі на призы Карагандинского филиала ОО «Казпрофтранс».



Перед началом мероприятия спортсменов поприветствовал председатель Карагандинского филиала «Казпрофтранс» Яхия Альмусин и чемпион мира по самбо, электромеханик Карагандинской дистанции электроснабжения ЭЧ-11 Рахат Жананиет. Они пожелали участникам успехов, поздравили с праздником Наурыз, а также выразили признательность за участие в одном из красивейших видов спорта.

Всего в соревнованиях приняли участие 32 спортсмена. В качестве главного судьи выступил дежурный по станции Караганда-Сортировочная Данияр Казангапов.

– Спортивное мероприятие проводится впервые, и это своего рода дебют. В нем приняли участие железнодорожники станций Ақадыр, Жанаарка, Караганда.

Соревнования проходили по трем весовым категориям – до 73 килограммов, до 81 и абсолют, когда принимают участие все спортсмены, независимо от возраста и весовой категории, – рассказывает организатор по спорту Карагандинского филиала ОО «Казпрофтранс» Тағат Аймаңбетов.

Встречи в казах күресі проходят в специальных куртках с матерчатым поясом. Цель – бросить противника на спину. Отличие казах күресі от других видов борьбы заключается в том, что здесь можно достичь победы лишь в том случае, когда с находчивостью и мастерством сочетаются физическая сила и быстрота действия.

В ходе борьбы все спортсмены относились друг к другу с уважением, проявляя

степное братство. В результате в весовой категории до 73 килограммов первое место завоевал работник энергоучастка ЭЧ-12 Ақадыр Сейткарим Бақ, лучшим в весовой категории до 81 килограмма стал работник ПЧМ Ақадыр Жанат Жайлаубеков.

В абсолютной весовой категории первое место присуждено сотруднику Карагандинского эксплуатационного локомотивного депо Курману Батырбеку.

Все победители получили ценные призы от Карагандинского филиала «Казпрофтранс».

Светлана МОГАЙ, Караганда
Фото автора

ПОБЕДИТЕЛИ ПЕРВОГО ТУРНИРА UFL

Команда Центра диагностики пути стала победителем первого турнира Узловой футбольной лиги UFL по футболу среди работников железнодорожного транспорта.



В турнире, организатором которого выступило общественное объединение UFL 2023, приняли участие шесть команд: станции Нұрлы жол, Астанинской дистанции пути (ПЧ-17), филиала АО «НК «КТЖ» – «Центр диагностики пути» (ЦПД), Акмолинского филиала по ремонту пассажирских вагонов АО «Вагонсервис» (ЛВЧДР-9), филиала АО «НК «КТЖ» – «Железнодорожный вокзальный комплекс Астана» (ЛЖС) и ТОО «Қамқор Локомотив».

Игры стартовали в конце января и завершились в преддверии Наурыз мейрамы. Соревнования проходили по круговой системе, без выбывания – каждая команда встретила друг друга дважды, а победителя выявляли по сумме набранных очков. Судейская коллегия представлена партнерами –

Астанинской футбольной лигой. Инициативу железнодорожников поддержал также спорт-бар Riza Ball.

– Команды узловой футбольной лиги UFL на 100% представлены работниками железнодорожной отрасли. Наши спортсмены, которые не имели возможности играть в других любительских лигах города, получили шанс проявить себя. Они благодарны за организацию турнира и уже ждут летних состязаний в таком формате, – поделился руководитель UFL – монтер пути Астанинской дистанции пути Асет Абакаев. – Конечно, мы будем рады провести еще один турнир, но так как все это организуется своими силами и средствами, пока этот вопрос открыт.

Финал состязаний получился по-настоящему зрелищным

и непредсказуемым. Если, глядя на турнирную таблицу, к девятому туру можно было сформировать представление о том, какие команды станут призерами, то угадать, как именно распределится места на пьедестале почета, не мог никто.

Все участники продемонстрировали мастерство и волю к победе, и заключительные матчи преподнесли немало сюрпризов. В шаге от призового места остались одни из фаворитов лиги – команда станции Нұрлы жол. Накануне на тренировке их лучший защитник Сафарбек Амиралиев получил травму руки и не смог выйти на поле. Это стечение обстоятельств стало для команды роковым – по разнице мячей они уступили ЛВЧДР-9.

Нешуточной выдалась борьба за первое место между работниками Центра диагностики пути и вокзального комплекса

«Нұрлы жол». Интрига держалась до последних минут, в итоге победили футболисты ЦПД. Команды ПЧ-17 и «Қамқор Локомотив» не претендовали на медали, но одержали свои личные победы на турнире – ПЧ-17 подошла к девятому кругу без очков, а в финале набрала четыре, «Қамқор Локомотив» стал пятым в турнирной таблице.

Главный трофей турнира – Кубок и золотые медали – у команды Центра диагностики пути, серебряным призером стала команда вокзального комплекса «Нұрлы жол», «бронза» – у ЛВЧДР-9. В номинации «Лучший игрок турнира» победил Акылхан Темирболат (ЛВЧДР-9), «Лучший бомбардир» – Дидар Абибулла (ЦПД), «Лучший нападающий» – Асхат Шопабай (ЛЖС), «Лучший защитник» – Сафарбек Амиралиев (станция Нұрлы жол), а «Лучший вратарь» – Дамир Таштыев (ЦПД).

На церемонии награждения победителей и призеров поздравил начальник станции Нұрлы жол Самат Курбанов, который, к слову, не пропустил ни одной игры, с трибуны болельщиков искренне поддерживая и переживая за свою команду. Он пожелал участникам новых побед, а узловой футбольной лиге – успешного развития. Представители Riza Ball отметили лучших своими сертификатами.

Любовь РОВБА, Астана
Фото автора

Руханият

«АЛТЫН ҚОРҒА» АЙНАЛҒАН КІТАПХАНА

Ақтөбе темір жолының техникалық кітапханасында 12 мыңға жуық кітап қоры бар. Мұнда нұсқамалық және әдістемелік кітаптардан бөлек сирек кездесетін салалық оқу құралдары, мерзімдік баспасөз тігінділері, сонымен қатар тарихи шығармалар мен көркем әдебиет те бар.



Теміржолшылар отырған ғимараттың бірінші қабатында орналасқан кітапхана оқырмандарға есігі әрқашан ашық, кіргеннен тек кітаптан шығатын ерекше спецификалық иісі баурап алады. Сондықтан жергілікті теміржолшылар мен студенттер жиі бас сұғатын орын.

«Кітапхана – білім ошағы. Сансыз сұрақтардың жауабын кітапханадан іздеп таппасаң, қайдан табасың? Сондықтан біздің жұмыс қызу да қауырт жүріп жатады. Орталыққа тоқсан сайын есеп береміз. Келген кітаптарды электронды бағдарлама арқылы тіркеп отырамыз. Тұрақты оқырмандарымыз бар», – дейді техникалық кітапхананың бас кітапханашысы Базаргүл Жамалова.

Бас кітапханашының айтуынша, келгендердің сұраған кітаптарын арнайы программа арқылы тауып беру мүмкіндігі

бар. Бірде тіпті дипломдық жұмысына материал іздеген студенттің жоғын бүкіл кітапханашылар іздеу салып, бір-бірімен хабарласып жүріп тауып беріпті. Сондай-ақ «Қазақстан теміржолшысы» газетінің әр санын оқу үшін ғана арнайы келетін ардагерлер де осы жердің тұрақты «тұрғындары» екен.

«Теміржолшылар арасында Ерлан Шуданов, Светлана Кембаева есімді тұрақты оқырмандарымыз бар. Олардың кітапқа деген қызығушылығы ерекше, әрбір жанадан келген дүниені елдің алдымен оқиды, олардың сұрағанын дереу тауып беруге тырысамыз, оқырмандарымыз кітапхананы «теміржолдың алтын қоры» атайды, біз үшін одан өткен марапат жоқ», – дейді бас кітапханашы.

Ардақ ЕРУБАЕВА, Ақтөбе
Суретті түсірген автор

РАМАЗАН – ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ АЙЫ

Сексеуіл жол дистанциясының ұжымы қатарынан бірнеше рет ауыр ота жасатқан бұрынғы әріптестері Бақберген Наурызалиевке қайырымдылық көмек көрсетті.

Дистанцияда жол шебері болып жұмыс істеген Бақберген Наурызалиев қазір зейнет жасында. Алайда ол денсаулығына байланысты ерекше күтімді қажет етеді. Сексеуіл жол дистанциясының теміржолшылары Бақбергенге қол қайырын беру үшін рамазан айында қайырымдылық көмек жасауды ұйғарыпты.

– Ғұмырының қырық жылға жуық уақытын Қазалы және Сексеуіл жол дистанцияларында өткізіп, аймақтағы жол шаруашылығының дамуына қомақты

үлес қосқан Бақберген Наурызалиев көз жанарына бірнеше рет ота жасатып, біраз қиналып қалды. Дистанция башылығы мен көсіподақ ұйымының тапсырмасымен ақшалай қаражатты Бақбергеннің отбасына барып табыстадым, – дейді Сексеуіл жол дистанциясының көсіподақ ұйымының төрағасы Көбейсін Рысмамбетов.

Әріптестерінің қамқорлық көмегіне риза болған зейнеткер-жолшы алғысын білдірді. Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Сексеуіл станциясы

<p>ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ</p> <p>Бас редактор Дина Муздубаева</p> <p>Бас редактордың орынбасары Меруерт Қажірақова</p>	<p>Газет басылатын қалалар: Астана, Сілеті 30 «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2. «Хабар-Сервис» ЖШС Шымкент, Әлімқұлов көш., 22. «ERNUR Print» ЖШС</p> <p>Басылмның таралымы 11 340</p> <p>Газет сейсенбі, жұма күндері шығады.</p> <p>Газет шығару және тарату қызметімен «Қазақстандық салалық теміржол,</p>	<p>автомобиль, ауе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.</p> <p>Кезекші редакторлар: Л. Ровба, Р. Рахметова</p>	<p>Меншікті тілшілер:</p> <p>Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80 Атырау: Қосыйым Мұқашев 8-778-946-09-66 Шығыс Қазақстан: Ольга Ушанова 8-777-203-51-87 Маңғыстау: Шахиджа Жұманова 8-707-886-72-45 Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17 Қызылорда: Сабырхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59 Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53 Жамбыл: Ерман Әбдішев 8-777-682-70-73 Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76 Қостанай: Аслан Кудабаяв 8-705-267-44-00 Павлодар: Айдана Ертай 8-777-498-31-61 Ақтөбе: Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97</p>	<p>Редакцияның мекен-жайы: Астана қ., Д.Қонаев көшесі 6. тел.: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92</p> <p>Газетті тарату жөніндегі менеджер Асель Распаева, тел.: 8 775 198 15 61, e-mail: raspayeva.assel@mail.ru</p> <p>Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу нөмірі берілді.</p>
---	---	--	--	--